

**«7M04106 – Экономика»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04106 – Экономика» магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 1,5 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 92

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік әлемдік тәжірибелерді ескере отырып әзірленді және заманауи экономикалық ойлау қабілеті бар, экономика саласындағы құзыреттерді меңгерген, сыни ойлауға және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: заманауи экономикалық ойлау қабілеті бар, сала, өңір, ел экономикасын дамыту үшін экономикалық талдау әдістерін меңгерген мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- экономикалық талдау жүргізу және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпаратты жинау және өңдеу әдістерін қолдану дағдыларын дамыту;
- ел, сала, өңір деңгейінде экономикалық процестерді талдау және модельдеу бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- елдің экономикалық саясатының тиімділігін бағалау бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін аналитикалық жұмыс әдістерін әзірлеу және іске асыру дағдыларын қалыптастыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;
- ұлттық экономиканы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;
- жетекші лектор-практиктерді, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара іс-қимыл, өзара оқыту;
- қос дипломдық білім алу мүмкіндігі.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға өз әрекеттерінің тактикасын бейімдей алады, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияларды өзгертеді, жұмысшылардың бастамаларын қолдайды және ынталандыра алады.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алады, міндеттерді орындау үшін қосымша күш салып, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады.

Дербестілік және шешім қабылдай білу – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Бінтымақтастық – қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағыттайды, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді, өзгерістерге уақтылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқара алады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізе алады.

Өзін-өзі дамыту – перспективалы қызметкерлерді анықтай біліп, оларды ілгерілету бойынша ұсыныстар енгізеді, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты өзі арқылы көрсетеді.

8. Бағдарлама құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	БП	ЖООК	3
	Ұйымдық мәдениет және этика	БП	ЖООК	3
	Ресми жазылым және дискурс	ПП	ЖООК	3
	Салалар мен сфералардың экономикасы	ПП	ЖООК	3
	Эконометрика	ПП	ЖООК	3
	Деректерді талдау негізінде шешімдер қабылдау	ПП	ЖООК	3
	Зерттеу әдістері мен дизайны	ПП	ЖООК	3
	Таңдау бойынша компонент	БП	ТК	3
	Теориялық оқу бойынша барлығы			24
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі –МЭЗЖ)</i>			6
1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				30
2	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	3
	Макроэкономикалық талдау	ПП	ЖООК	3
	Мемлекеттік қаржы және бюджет	ПП	ЖООК	4
	Өңірлік экономика және кеңістіктік даму	ПП	ЖООК	3
	Тәуекел-менеджмент	ПП	ЖООК	3
	Таңдау бойынша компонент	БП	ТК	6
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>			2
	Теориялық оқу бойынша барлығы			24
2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				30
3	Экономикалық саясатты талдау және бағалау	ПП	ЖООК	3
	Стратегиялық жоспарлау және болжау	ПП	ЖООК	3
	Институционалды экономика	ПП	ЖООК	3
	Жобаларды басқару	ПП	ЖООК	3
	Таңдау бойынша компонент	ПП	ТК	6

	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			18
	<i>Тағылымдама</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			4
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>			8
3-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				32
Теориялық оқыту бойынша барлығы + тәжірибе				66
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)				8
МЭЗЖ + тағылымдама				18
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ				92